

070:654.197

(075.8)

Т 86


АРХИ

к

Құдайберген ТҰРСЫН

АРХИВТІК
ҚОР

КӨГІЛДІР ЭКРАН ӘЛЕМІ



Құдайберген ТҰРСЫН

КӨГІЛДІР ЭКРАН ӘЛЕМІ

(Телешығармашылық зертхана)

Оқу құралы

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы
ҚР БЖҒМ-нің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және
жаратылыстану ғылымдар мамандықтары Секция мәжілісі
шешімімен ұсынылды (№2 хаттама 16 мамыр 2007 жыл)*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **Д Ысқақұлы;**
филология ғылымдарының докторы, профессор **Ш. Нұрғожина;**
өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент **Б. Нөгербек**


Тұрсын Қ.

Т 86 Көгілдір экран әлемі (телешығармашылық зертхана): Оқу құралы.
– Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 163 б.

ISBN 9965-30-673-7

Отандық тележурналистика саласын зерттеп жүрген телесыншы Құдайберген Тұрсынның оқу құралында қазақ теледидарының құрылып, қалыптасып, дамуына өлшеусіз үлес қосқан танымал тұлғалар – телекомментатор, тележүргізуші, теледиктор мен телережиссерлердің шығармашылық лабораторияларына, олардың қиын да қызықты жұмыстарына жан-жақты баға берілген. Көгілдір экранның көркіне айналған таланттар жайлы жазу кезінде автор деректер мен фактілерге сүйене отырып, қызықты мәліметтерді де айшықты кіріктірген.

Кітап жоғары оқу орнының тележурналистика саласынан маманданып жүрген студенттеріне арналған.



ББК 76.1я73

БАСТАУ

... Қазақ теледидары. Өмір атты ұлы көштің өң бойында елімен бірге есейіп, қалың орман көрерменімен күн сайын сырласып келе жатқан, бүгінде ақылмандық, ағалық жасқа келген – тоғызыншы муза. Осы жылдар биігінде тындырғаны, атқарғаны сак құлақ кәрі тарихтың қойнауына жол тартып, мұрағаттар меншігіне айналған сырлы да сыршыл көркем дүниелер мен сан бояулы теле-кинофотокадрлар. Бәрі де өткен күндердің сағынышпен әрі кимастықпен, сырласа отырып еске алатын “шаңқай түс” шақтары. Ел қамы деп ерлікке пара-пар істер атқарған атпал азаматтар, халық мұңы деп “жортуылмен” түн қатқан тілшілер қауымының үркердей тобы жылдар сілемінде қалың шоғырға айналды. Қаламдарының ұшына тектілік ұя салған тележурналистер кеше мен бүгін, ертең мен болашақ үшін ақыл-ойдың қазанында қайнап, жүрекке тыным, ойға маза бермеді. Уақыттың талабы, кезеңінің міндеті солай еді.

Жүрдек уақыттың үніндей, кезеңінің көзіндей, көптің құлағындай болған “дарабоз” комментаторлар мен дикторлар, режиссерлар мен операторлар - өткен күндердің тарихи шежіресін жасап, қоғам алдындағы парызы мен қарызының өтеуі жолында салиқалы істер атқарып, салмақты жұмыстар тындырды. Телеэфирдің әрбір минуты, әрбір сағаты елдің есінде, халықтың жадында жатталып қалған шыншыл да шынайы оқиғаларға толы болды. Студиядағы ой мен сезімнің, ақыл мен пайымның тоғысынан туындаған “ағынды ойлар сілеміндегі” айкасты сәттер сірә де ұмытылар ма? Балаңдықты –ағалылыққа, жастықты – есейгендікке айырбастап “естиярлық ауылына” ат басын тіреген сол күндердің еншісінде қаншама мазасыз күндер мен ұйқысыз түндердің табы жатыр!? Эфирдегі алапат айкас, жүректегі ауыр ойлар шайқасы, тығырыққа тірелген сәттер естен әсте де кетер ме! Көркітілік көздің құртына, ақылмандық жүректің дертіне айналған жылдар сілемінде қаншама “сұлулықтың символындай”, “телегей-теңіз тереңдіктің эталонындай” болған телетұлғалардың шоғырлы топтары экран көгінде қалды. Күні бүгін де олардың әрбірі эфир алаңында “көпшіліктің көзінен кетсе де” көңілдерінен кетпеген күйінде есте сақтаулы. Қайта бұл жылдар сілемінде тұлғалана биіктеп, нұрлана шуақтанып, есейе ержетіп, қалың орман көрерменімен бірге жасасып келеді!

Көгілдір экран сахнасында сан мыңдаған тарландардың тағылымды істерінің іздері, жүректерінің табы, ақыл-ойларының сілемдері қалды. Олардың әрбірі ерлікке пара-пар істердің генераторы, әрі қозғаушысы болды. Тың идеялар, жаңа бастамалар, соны пішіндер мен түрі-түсі бөлек бағдарламалар легі экран төрінен елге ұсынылып жатты. Кеңестік кезеңнің додалы жарыстарында жүлделі орындарды “шаппай алған” кездер-ай! Ағыл-тегіл ой ағынан түйін түйіп, ордалы сөздердің отына күйген, мұхиттың тереңінен маржан іздеген шақтар ұмытыла ма! Қияға тыннан жол салып, экранда өрнегі мен өрісі тым-тым бөлек дүниелердің көрермен мен қауышқан сәттеріндегі сәттіліктер мен шуақтылықтың лебі күні бүгінде алдыңнан шығып, сол бір “бәйге торыларын” алақанға салып әлдилеп

тұрғандай көрінеді. Экранда тектілік танытып, кісіліктің келбетін көріктендіріп, ортаға ой тамызығын тастай отырып, көпшіліктен сыр іздеген жүргізушілер тобының “қалың нөпірінде” жеке дара жұлдыздар мен көңіл қанып су ішпеген ортанқолдар да аз болмады. Бәріне де уақыт сыншы, көрермен куә. Осы топта ауыздығымен алысқан “сәйгүліктер” де “ақылман” төрешілер де мол болды. Солардың ақыл-ой безбенінен туындаған сан алуан көркем туындылар экран көркіне көрік қосып, көрерменнің “көзайымына” айналды.

Өмір толқынында артына өрнекті із қалдырған тұлғалар да, “аузымен құс тістеген” шешендер де, оймақтай ойдан от тұтатқан “қара жорғалар” да, ағыл-тегіл сөздің тиегін ағытқан сұңғыла ұлағат иелері де экран төрінде аз болмады. Олардың әрбірі аудиторияға өзінің парасат-пайымының деңгейінен ой тастап, тақырыпта көтерілген мәселеге татымды талдау жасап, сценарийдегі мазмұн мен идеяның өзектестігінен сыр іздеді. Аудиторияны таңқалдырған да, таңдандырған да телехабарлар легі аз болмады. Осылардың әрбірі ақыл-ойдың безбенінде суарылып, қынабынан суырылған алмас қылыштай экран көгінде жарқылдады.

ТЕЛЕЭКРАН ТАМЫРШЫСЫ

... “Ғаділбек! Телевидениеге қайта оралдың. Қазір телевидение жаңа кез, жаңа белес алдында тұрған секілді. ... Әрине, әңгіме тілде ғана емес, мәселе оның мәнінде, мазмұны-мағынасында, сезім мен ойды баурайтын шеберлік, ойнақылық, тапқырлығында. Бір серпіліс кезең болған...”, - деп өмірінің шуақты кезеңдерінде өзіне ағадай болған, қоғам және мемлекет қайраткері, тамаша публицист, отандық кино және телевидениенің тамаша, білгір ұйымдастырушысы Камал Смайылов арнау жазыпты.

Бастапқыда К. Сейітжанұлына орынбасар, кейін өзі телерадиокомитетте төраға болып істеген, мемлекеттік идеологияның ең өткір саласын басқарған 80-90-шы жылдар теледидардың “алтын ғасырына” баланған шақ болатын. Себебі Ғ. Шалахметов бастаған журналистер Қазақ телевизиясына жаңа бір леп әкеліп, оның ауқымын кеңейтіп, деңгейін биіктетті. Осы шақта Одақтық және әлемдік деңгейдегі телекөпірлер мен телефестивальдар арқылы Қазақстан әлем деңгейіне көтеріле, таныла бастады. Көрермендерді таңдай қаққызып, бас шайқататын ұлттық нақыштағы телефильмдер мен халық дәстүрінің қайнарынан бастау алған кәусар бұлақтай тамаша концерттер түрлі тілдерге аударылып, әлем көгін шарлады. Десек те, іскер басшының дарынының дәріптеліп, шеберлігінің шынайылыққа айналуы да оның телеөнер баспалдағындағы “телекомментаторлық” қызметімен тығыз байланысты. Алғашқыда Маңғыстау мұнайшылары жайлы өндірістік бағыттағы хабарлар топтамасы Одақ назарын өзіне аударта, ал сексенінші жылдардың басындағы “Ритм” операциясы” телехабарлар топтамасы Ғаділбектің одақ көлемінде “шашасына шаң жұқтырмас дарын” екенін аудиторияға шынайы танытты.

Ғаділбектің өндіріске деген ынтасын оятқан оның мектептен кейінгі өмір жолының Республика Ғылым Академиясының металлургия және байыту институтының зертханасында басталуы болатын. Ол сол шақтан бастап металлургияның қыры мен сырына қанығып өсті. Бір айдан кейін оны Өскемен қорғасын-мырыш комбинатына металлургияның көмекшілігіне жұмысқа жіберді. Осы жұмыста бір жарым жылдай істеді. Ғаділбек тұрған жұмысшы жатақханасының ауласында телестудия үйі де қатар орналасқан болатын. Осы телестудияны Павел Бортник деген өз ісінің білгір маманы басқарды. Әрі осында жыл сайын Мәскеу университетінің журналистика факультетінен өндірістік тәжірибеге студенттер келіп жататын.

Тағдыр деген қызық қой. “1962 жылы ғарышқа Герман Титов ұшып, мен сол оқиғаға арнап өлең жаздым да оны студияға алып келдім. Редактор Люба Маркова маған қарап, өлең әкелдің бе? , - деді. Осыдан кейін-ақ олар маған түрлі салада тапсырмалар бере бастады. Алғашқы репортажым “Бір бөлмедегі төртеу” деп аталды. Репортаждың ішіне сықақ араласқан. Маған тапсырылған алғашқы тапсырма Белуха тауындағы науқасқа ем-домы шипалы Рахманов қайнары болатын. Қолымдағы камерам бар-жоғы фотоаппарат. Ең бастысы – Рахманов шипажайы туралы репортаждың сәтті түсірілгені. Алматыға кәдуілгі өмірді көрген, тәжірибе жинақтаған телевизия

қызметкері ретінде оралдым”,- деп, алғашқы жылдарын сағынышпен еске алады.

Алпысыншы жылдардың басында республикалық телевидениенің жастар редакциясында жұмыс істеген Коля Чирков, Надя Белканова сынды танымал тележурналистер Ғаділбекпен сырттай болса да Өскемендегі сюжеттері арқылы таныс болатын. 1967 жылы Ғ. Мінәжұлы жастар редакциясына жұмысқа келгенде, осы редакцияның бөлімін Ілияс Жансүгіровтың ұлы Болат Ғабитов басқаратын. Алайда, ол жұмыс бабымен редакциядан кетуге дайындалып жатқан. Сондықтан Мемлекеттік телерадиокомитеттің сол кездегі төрағасы Кенжеболат Шалабаев Болаттан орнына кімді қалдырасың деген сәтте, ол Ғаділбекті атаған. Міне, осы сәттен бастап Ғаділбек Шалахметов өмірінің ең шуақты күндері Қазақ теледидарымен байланыста өрбіді.

Жастар хабарларының бас редакторы ретінде эфир арқылы көрермендерге танымал, әрі ізденімпаз Ғ. Мінәжұлын бірде төраға Камал Сейітжанұлы өзіне шақырып, “- Байқаймын, сен телевидениеде танымал секілдісің. Білімің қандай? – Политехникалық институт, металлургия факультеті. – Бұл жақсы, дегенмен сценарист мамандығы деген де бар. Неге осы бағытта біліміңді толықтырмасқа? Мәскеуде екі жылдық Жоғары сценарлық курс бар. Астанаға барып қайт, өмір көресің, үйренесің”. Одақтағы Жоғары сценарлық курстың Ғаділбекке бергені көп болды. Ал курстағы ұстазы “Беларусь вокзалы” фильмінің авторы Вадим Трунин болды. В. Трунин бірде Ғаділбекке Маңғышлақ арқылы өтетін Самара газ құбырының құрылысы туралы айтып, осыны қолға алсаң қайтеді деген ұсыныс жасады. Содан сценарийге даярлық барысындағы екі ай бойына, аптап ыстықта Маңғышлақ пен Бейнеу аралығын жол қылды. Мәскеуге қайта оралғасын сапар барысындағы көрген-білгені мен ойға түйгендерін Марина Голдовскаяға айтып, кинодокументалистика саласындағы шебер оператордың келісімін де алып үлгерді.

“Сынак” (Испытание) фильміндегі Маңғышлақтың мұнай королі Сафи Өтебаев, Рахмет Өтесінов, Валерий Жваний тағдырлары арқылы құмды өлкенің табиғат құбылыстарымен айкастағы ерен ерліктері кадрлерде паш етілді. Автомобиль апатынан орындыққа танылған, өлке ғана емес Одаққа танымал мұнайшы С. Өтебаев тағдыры фильмнің басты өзегіне айнала келіп, осы арқылы өзге кейіпкерлердің бейнесі нанымды әрі дәлелді суреттелді. Құм өлкесінен орын тепкен, жаңадан бой көтеріп келе жатқан мұнайшылар қаласы Жаңа Өзенмен тағдырларын мәңгілікке табыстырған сан ұлттың ұл-қыздарының еңбек, өмір жолындағы шынайы сезімдері бейне көріністерде шебер және кәнігі оператор камерасынан тыс қалмаған. Сол үшін де 1977 жылы “Сынак” фильмнің сценарий авторы Ғаділбен Шалахметов пен операторы Марина Голдовская Ленин комсомолы сыйлығына ие болды. Өз ісінің тамаша шеберлері түсірген әрі ұлттық телеклассикаға айналған фильмді республика, қала берді Одақ көлемінде көрсетпеген телестудиялар кемде-кем.

1979 жылы төраға К. Смайылов тәжірибесі тәлімге айналған, ойы өскен, кинода істеп осы саланың қазанында кайнаған телекинопублицист Ғ.Шалахметовті телерадиокомитетке орынбасарлыққа шақырды. “- Ғаділбек телехабарлар жағын өзіне ал. Осы салада түсінспеушіліктер болып жатыр”. Солай етіп, кино саласынан тәлімі бар Ғаділбекке аз ғана жылдарда телевидениені аяғынан қаз тұрғызу аса қиынға соға қойған жоқ.

Өткен кезендер мен теледидардағы тұлғалар туралы ой толғаған кездерде Ғаділбек алдымен өз ісінің білгірі, ізденгіш, көп білетін, тамаша публицист К. Смайыловты ерекше тебіреніспен еске алады. “- Өмір жолымның бір баспалдағында ол кісімен қайта табыстым. Мен Камал Сейітжанұлына көп нәрседе қарыздармын, ол маған өмірде ұстаз болған тұлға” десе, Мемлекеттік телерадиокомитеттің орынбасары болған тумысынан философ, қай мәселені де ауқымды ойлайтын Әнуарбек Шманов жайлы “Ол кісінің кезінде қазақ телевидениесінде ешқандай да провинциализм болған емес. Керісінше, Қазақ телевидениесі Әнағаның басшылығымен одақ көлеміндегі ізденгіш және шығармашылық қуаты мықты ұжымға айналды”, - деп сол шақты ыстық сезіммен еске алады.

Қазақстан өнеркәсіп орындарының саны мен аумағы жағынан алыс-жақын шетелдердің ішінде алдыңғы орындардың бірінен саналады. Алып аумақты құрылыстар мен өндіріс алаңдарында ел экономикасының нағыз шынайы майталман құрылысшылары мен жұмысшылары, инженер-техниктері еңбек етуде. Қазақ теледидарының үгіт және насихат хабарларының бас редакциясы өндіріс пен ауыл шаруашылығы, құрылыс пен көлік, байланыс пен заң тақырыбына арналған арнаулы циклды хабарларда сол шаруашылықтардың өзекті мәселелерін тілге тиек етті.

Замандасымыздың тұлғасын өз дәрежесінде сомдау, оны барлық әрекеттердің “қожасы” ету кеңестік кезеңнің соңғы жылдарында ғана қолға алынып, телередакторлар өз кейіпкерлерін өндірістік процестердің тасасынан шығарып, оны шын мәніндегі елеулі тұлғаға айналдырды. Қай шақта да телеэкран кейіпкерлеріне қиялдау да, аналитикалық ой да, терең кемеңгерлік те қажет. Өндірістегі адамның ішкі жан-дүниесіндегі сезім сырларын ашып, игілікті өз қолдарымен жасап жатқан кейіпкерлердің даралығын мүсіндей отырып, тамаша еңбек адамдарының галереясын жасау – телередакторлардың басты міндеті. Осы орайда, шаруашылық, экономика проблемаларын көркем әдебиетте суреттеу туралы “... Жазушының міндеті – проблемаға адамдардың өзара қарым-қатынасы тұрғысынан қарап көру, экономика тілін адамдар жаны мен характерінің тіліне аудару білу”, - деген ұлы Мұхтар Әуезов сөздері күнделікті өмір ағымындағы жайлармен үндес шығып жатыр.

Республикамыздағы осы ауқымды істі сексенінші жылдардың басында ұлттық теледидарымызда өмірге келіп, төрт жылдай Одақ көлеміндегі жеті бірдей өндірістік аймақтың проблемаларын көтерген, әрі оны шешу жолдарын телехабарларының өзегіне арқау еткен “Ритм” операциясы” жүзеге асырды. Имануил Канттың пайымдауынша, көркем шығармашылық белгілі бір ережелерге иек артуды жатырмайды. Ал, солай десек те нағыз өнер жаратылыстың өзі секілді емін-еркін көсілуге тиіс, ол “суреткердің көз

алдында ерекше көлбендеп тұрып алмайтындай, оның рухани әлеуетінде құрсаудың ізі де байқалмайтындай жарытылуға тиіс”. Соған орай, теледидар хабарларының өн бойында сындарлы талдау, көбірсіген құрғақ ойларға нәр беру қажет болды. Адам мен адам, адам мен қоғам арасындағы әлеуметтік ара жік өлшемі де қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құрылысқа байланысты. Теледидар хабарларындағы типтік құбылыс, типтік бейне де осыдан келіп шығады. Мыңжылдықтар тоғысына таянған тұста өмірге келген “Ритм” операциясы” хабарында автор-жүргізуші кейіпкерлер даралығы, олардың өзіндік болмыс-бітімі, өзгеше ой-өлшемдері, жекелік қолтаңбаларына экранда басымдық беріп, өндірістегі еңбек адамын “техниканың тасасынан” шығарып, оны қоғамның қожасы дәрежесіне дейін көтерді.

Қанша тапқырлық болса, сонша жақсы шығарма, қанша жақсы шығарма болса, сонша тапқырлық бар. Олай болса, тапқырлық деген ұғымның мағыналық ой-аумағы өте-мөте кең де, жалпы теледидар үшін атқарар міндеті де орасан үлкен. Оған өз кезегінде мазмұн мен түр де, ой мен образ да, сюжет пен композиция да – барша-баршасы жатады. Тапқырлық – бір ойды бірінші рет айту, тапқырлық – бірінші рет солай суреттеу, тапқырлық – ескіні су жаңа етіп бірінші рет қайта құлпырту, тапқырлық – бірінші рет жаңа түрге жол салу. Телеэкрандағы осы үрдісті елге ғана емес, өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап Одақ көлеміне танымал, тамаша телекомментатор, қабілетті ұйымдастырушы Ғ. Шалахметов жасаған - “Ритм” операциясы” циклды проблемалық телетоптамаларының әрбір санынан-ақ байқаймыз.

Сексенінші жылдардың басында “Ритм” операциясының” Орта Азия мен Қазақстан ғана емес, жалпы Одақ көлеміндегі тың құбылыс, жаңалық ретінде бағаланғандығы ақиқат шындық. Бағдарламаның авторлары – Ленин комсомолы сыйлығының иегері Ғ. Шалахметов пен үгіт-насихат редакциясы өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі, марқұм Г. Күзембаева экранда өтіп жатқан сан алуан процестер мен оқиғаларды хабарлаушы дәрежесінде ғана қалмай, бір мезгілде өндіріс орындары арасында жасалынған келісімнің орындалуын әрі оның жүзеге асырылуын бақылаушы ретінде де көріне білді. Екібастұз көмірін Одақ көлеміндегі 22 электрстансасы тұтынып, онда одақтағы жылу электр энергиясының әрбір сегізінші киловаты өндірілетін. Қазанның 15-нен сәуірдің 15-не дейінгі ақ қар, көк мұз, қарлы боранда “Ритм” операциясы” хабарының үзіліссіз телевахтасы басталатын. Осы туралы телехабар авторы Ғ. Мінәжұлы: “Оңтүстік Орал темір жол магистралы арқылы Екібастұз көмірі сол өңірдегі Тройцк су электр стансасына жөнелтіледі. “Қара алтынды” үзіліссіз әрі вагонға ырғақты тиеу және оны темір жолмен дер шағында жөнелту Екібастұз көміршілерінің міндеті де, ал көмір тиелген эшелондарға тоқтаусыз жол ашу, тиісті орынға мерзімінде жеткізу өзге республиканың теміржолшыларына жүктелген. Вагондарды іркіліссіз босату және теміржолшыларға кері қайтару – энергетиктер мойнында. Осы жерде теміржолшылар айналмалы процеске қайта қосылады да, осыдан келіп бір-бірімен тұтасқан байланыс өрбиді”, - деп жазды. Осынау Одақ көлеміндегі ауқымды іске көміршілер мен көлікшілер және энергетиктер ғана емес, Павлодар мен Ақмоланың, Қарағанды мен Свердловскінің, Омбы мен Челябинскінің

телестудиялары мен тележурналистері де қосылды. Солай етіп, қазақ жерінен бастау алған өнеркәсіп тақырыбы бір республика мен Қазақ телестудиясының шеңберінен шығып, Одақтың бірнеше аймағын қамтыған орасан зор іргелі мәселеге айналды.

Теледидар тіршілігі құйындай үйіріп, алды-артына карауға дес бермейді. Оның екпініне ілеспесен көп тобырдың бірі болып артта қаласын. Ал, өмір толқынының жалынан ұстап, тек теледидардың күйін күйттесен, онда байыз тауып, өмірге тереңдеп үңілуге, іргелі іс тындыруға уақыт та қалмайды. Ал “синкретті өнер” теледидар кім-кімнен де осыны талап етеді. Оған қосымша Ғ. Шалахметов “телеэкранға” сіңісті бола бастаған алпысыншы жылдары қазақ әдеби сынында көркем шығарманы бірінші жакпен (мен) жазған дұрыс па, жоқ үшінші жакпен (ол) жазған ұтымды ма деген өнімсіз айтыс басталды. Осыған ұқсас дау-дамай теледидардың табиғатын айқындау бүкілодақтық баспа бетінде ерекше өрістеді. Телеэкранда “бейне” мен “сөздің” және әр түрлі дыбыстардың (музыка, шу т.б.) қайсысы басым болуы керек, теледидардың өнер болып қалыптасуында қайсының ықпалы жоғары деген сауалдар қойылып, зерттеушілердің арасынан бейне мен сөздің ара салмағын мысқалдап өлшегендер де табылды. Ал, өмірді безбендеп өлшейтін Ғ.Шалахметов экранда көріністің де және осы көріністі түрлендіретін, оны одан әрі көркемдейтін сөздің болуы да қажет деп тапқан “орталық принципті” ұстанды.

Төрт жылдан астам экран бетінде ауыр эшелондар тізбегі мен электр стансасының жұмысы, Екібастұз көмір кенішіндегі алып істер, еліміздің жүздеген қалаларының ырғақты өмірі телеэкран арқылы көрермендерге үзіліссіз таныстырылып отырылды. Сабақтас салалардың кайнаған қызу еңбектерін теледидар айнасынан әлденеше миллиондаған көрермендер көз алмастан бақылады. Сал алуан саланың иелері өндірісте кордаланған проблеманы шешу жолдарын ұсынып, үлкен іске жаңашылдықпен үн қосып отырды. Теледидардың мол мүмкіндігін тиімді әрі сәтті пайдаланған режиссерлық шешім телехабарды одан сайын әрлендіріп, көрерменге өндірістің құпиялы қырларын адам құдіретімен тартымды қабыстырып, көріністерді аудиторияда талғамға сай етіп көрсетті. Автор телехабарлардың өн бойында техникалық, идеологиялық, философиялық, психологиялық факторлар болумен бірге, көрерменнің эстетикалық талғамын тәрбиелейтін көріністердің мол болуына баса назар аударды.

“Журналистің бірінші міндеті – жаңа фактіні тез қағып алып, оны мол аудиторияға қызғылықты әрі тартымды жеткізу. Өз көрермендерінді ненің қызықтыратынын білу де журналистің міндетіне жатады. Бұл кез келген жалпыұлттық телестанциядан аудандыққа дейін жұмыс істеушілерге қойылатын талап”. Шын мәнінде өндірістің тамаша білгіріне айналған Ғ.Шалахметов кез келген дерек пен қоғамды толғандырып отырған өткір мәселелерге байыптылықпен барлау жасап, оның аудиторияға ұғынықты тіл, мәнерлі баяндаумен жетуіне зор мән берді.

“Ритм” операциясының қорытынды санында Ғ. Шалахметов: “Біз телевизиялық циклді” хабарымызға тақырыпты ұзақ іздедік. Оның өзіндік себебі де

бар болатын. Қазақстан мен Оралдың, Батыс Сібірдің ірі алыптарындағы сан миллиондаған адам мен техника күшін біріктіру, бір арнаға тоғыстыру онай шаруа емес еді. Егер біз, тележурналистер, олардың қиын да қызғылықты ісіндегі жұмыстарына тамшыдай болса да үлес қосқан болсақ, бұл біздің ортақ іске қосқан өлшеусіз үлесіміз. Ол біздің іс-әрекетіміздің нақтылы жемісі”, - деп жазыпты. Расында Қазақ теледидары журналистерінің мұрындық болуымен “Ритм” “операциясы” ел алдындағы аса маңызды экономикалық мәселелердің қиын түйіндерінің онай шешілуіне елеулі үлес қосып, аса қуатты тетіктердің үзіліссіз, ырғақты жұмыс істеуінің өміршең жолдарын нақтылап, телеэкрандағы болашақ ізбасарларына телехабар жасаудың құпиялы қырларын көрсетіп берді.

Ізденістегі жанашыл топ телеэкранда ұзақ жылдар бойына өндіріс тақырыбына қатысты студиядағы құрғақ баяндау, солғын әрі тартымсыз көріністерден бөлек жаңа бір түр және өзгеше мазмұнға бай хабарлар топтамасы бір мезетте экранға видеоның теңдессіз мүмкіндігі арқасында жарқырай шығып, көрерменге өндірістің сан-салалы, құпиялы қабаттарын шеберлікпен жеткізді. Алып республиканың экономикалық өміріндегі ғаламдық мәселелер күн тәртібіне өткір қойылып, телеэкран арқылы оны шешудің, әрекетке келтірудің тың әдіс тәсілдері іздестіріліп, табылды.

Ең бір тартымдылығы осы жылдары телерадиокомитет төрағасының орынбасары Ғ. Шалахметов экрандағы “Жұмысшы экраны”, “Жақсы тауарлар мол болсын”, “Ауыл оттары”, “Гүлден, менің Қазақстаным”, “Туған жер түлектері”, “Жолдас” телефестивалі, “Индустриялы Қазақстан”, “Коммунист және уақыт” т.б. хабарларда “сөйлегіш бастардың” экранда аз көрініп, өндірістегі процестердің көп болуын, бір шаруашылық, кәсіпорынды түгел аралап шығып, бәрін шолып айту, проблема көтермей, тек хабарлаумен шектелуді азайту үшін “сөйлей” емес, “көре” білетін журналист-режиссерлер құрамын молайтуға күш салды. Оған себеп, сол кезеңде-ақ жағдай өзгере бастады. Қуаттанған, әлеуеті мол телевидение де баспасөз, радиомен қоса күрделі проблемаларды шешіп, шешілетін жеріне, шешетін адамдарына жеткізіп отырды. Кеңес телевидениесінің 50 жылдығына арналған құттықтауда “... телевидение экономиканы дамытуға, экономикалық проблемаларды шешуге белсенді түрде қатыса алады” деп көрсетілді.

Осы бағытта Екібастұз отын-энергетика кешеніне арналған хабарлар Орталық телевидениеден көрсетіліп, жоғары бағасын алды. “Олар осы комплекстердің өзімізде шешілмейтін, тек Одақтық министрлікте шеше алатын мәселелерін Одақ министрлері Б.Ф. Братченко мен С.Н. Непорожнийге дейін жеткізіп, оларға нақты сұрақтар қойып, жауаптарын алды”. Осы хабарлардың республика үшін пайдасының мол болғандығы даусыз. Уақыт өте келе, ол хабарлар циклі басқаша сипат, басқа бағыт алды. Төрт жылдан астам уақыт экраннан жүргізілген бұл циклдің тәжірибелік те, шығармашылық та әсері мол болды. Екібастұздың, теміржолдың басшылары телехабар әсерінің нәтижесінде вагондардың айналымы шапшаңдады, көмір құлділігінің стандарты өзгерді деп хабарлады.

Қазіргі таңда алдыңғы кезекке экономиканы интенсивті дамыту мәселесі шығып отырғанда, қоғамды шыншыл ақпаратпен қамтамасыз етуде, өндірістегі әрбір еңбек адамының қоғамдық-әлеуметтік ойлау жүйесінде жаңа бір тың бағыт туындату қажеттілігі келіп тууда. Өз кезегінде бұл нені аңғартады? Алдымен ол қойылып отырған мәселенің ауқымдылығы мен күрделілігі, өндірісті дамыту, жоғары жауапкершілік. Ескі көңіл-күйден арылу да бірден бола қоятын процесс емес. Жұмыскерлердің ойлау жүйесі екі бірдей фактордан – объективті және субъективті жайлардан түзіледі. Объективті факторда өндірістік-шаруашылық мәселелер қамтылады. Онда осы әрекеттерге талдау жасалып, баға беріледі, әрі олар оған өзінің қарым-қатынасын білдіреді. Телехабар авторы әрі жүргізушісі Ғ. Мінәжұлы әлемдегі аса зор Екібастұз кен орнындағы маңызды проблемалық мәселердің республика ғана емес, бірізгілікте Одақ көлеміндегі осы салаға тікелей жауапты министрліктер тарапынан оң шешімін табуына көп күш-жігерін жұмсады. Министрлер мен осы саланың жауапты басшылары қатысқан студиядағы телеүндесулерде олардың алдарына нақтылы мәселелерді көріністік қатарлар арқылы айқын қоя отырып, оның сол сәттік оң шешімін табу жолдарын экранда әдемі игере білді.

Ал субъективтік факторға – үгіт және насихаттың экономикалық сипатына әсер етушілігі, әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын тездетудің стратегиялық міндеттерін шешу, осы бағытта тәрбие жұмыстарын ұтымды жүргізулер жатады. Өндірістегі басты тұлға адам екенін басты қағидат етіп ұстанған автор өндірістік аумақтың облыс орталығы Павлодар мен кеншілер қаласы Екібастұздың әлеуметтік жағдайын да көңілден тыс, көзден таса қалдырмады. Алдымен ауыр жұмыстағы кеншілер мен энергетиктердің, теміржолшылардың әлеуметтік жағдайларына әрбір хабар сайын көңіл бөле отырып, тұрғын үй және медициналық қызмет нысандарының салынуы мен балалар бақшалары, мектеп құрылыстарына дейін назарда ұстады. Телехабарлардың өн бойындағы құбылыстарға автор терең мән беріп, оны тыңғылықты зерттеді. Олай болмаған жағдайда, оның әлеуметтік құнының республика үшін тым қымбатқа түсетіндігін терең ұғынды.

Әдебиеттегі тұтқа – негізінен сөз болса, ал теледидардағы тұтқа – өмірдегі үзік-үзік жайлардан жинақталған, құрама бейне көріністер. Әдебиетші шығармасында жалғыз ауыз сөзімен, терең ойлы тіркестерімен оқырманын бас идірсе, телередактор сан мағынаға ие ұсақ, құрама бейне көріністерден сәтті полотно жасап, оған тіл құдіреті мен музыка үнін үйлестіре, кіріктіре отырып, экрандық туындыны жандандырып, оны келісті, көркем етеді. Телеэкран өнерін тамаша игерген Ғ. Мінәжұлы “Ритм” операциясы” хабарының сапасын көтеру, мазмұнын байыту, түрін жетілдіру жолында әлемдік үлгілер мен осы бағыттағы одақтық экран туындыларын зерттеп, зерделеді. Камера мен микрофонның, яғни сурет пен сөздің бір-бірін қайталамай, керісінше бірін-бірі толықтыруын басты назарда ұстады. Кейіпкер сөйлеп тұрғанда камера жұмыс процестерін көрсетіп отырды. Мұнда телехабарлардың көпшілігіне ортақ табыстар мен жеңістерді айтып, рапорт беру емес,

оның есесіне проблемаларды қозғау, ойлану, ой толғау жағы әрдайым басым түсіп жатты.

Теледидардағы құрама бейне көріністерді бір-бірімен аастыра, сәтті бере білудің тамаша үлгісі 80-ші жылдардың басында “Ритм” операциясы” өндірістік хабарлар топтамасынан анық байқалды. Өлемдегі теңдесі жоқ көмір алыбы Екібастұз жайлы хабарлар ірі кен орнындағы кайнаған қызу енбекті түрлі аспектіде бір-бірімен байланыстыра, іштей тамаша шендестірген. Көмір разрезінің алып алаңындағы роторлы экскаваторлар, олардың көмір қабаттарын аршуы, вагонға тиеліп жатқан көмір, электровоздар, темір жол, “қара алтын” тиелген құрамалар, диспетчерлік пункт, жылу электр орталығы, оның цехтарындағы жұмыс процестері, шуда түтіні көкке будақтаған алып тұрбалар т.б. бейне көріністер бір демде көрермен көз алдынан тізбектеліп өтіп жатады. Оператор камерасының көзіне ілінген алуан бітімдер, режиссердің шеберлігімен бір арнаға тоғысып сан қилы сүрендерді ойлылықпен жымдастыра білген. Автор мен режиссер назарына ілінген жайлар, олардың шеберлігі нәтижесінде сиқырлы мүсінге айналып, хабар тартымды, әсерлі болып шыққан. Олар тақырыпты ашу үшін көзге ілінген ұсақ тілімдерге дейін орынды қиыстыра пайдаланған. Маңыздысы, олардың жүйелі жоспарланып, бір-біріне әсерлі мән бере білгендігі. Байкампаз режиссер, талантты автордың көздеген ойын дөп басып, кадрларды экранда ойната отырып, өмірдің шынайы қалпындағы сәтті көріністерін тамаша қиюластырған.

Эфир алдында Ғаділбек Мінәжұлы Екібастұз көмір алыбы мен оған желілес өзге де кәсіпорындарды, Павлодар аймағын терең зерттеп, қыруар материалдар жинақтап, көмір, темір жол, энергетика проблемасының әңгімеге арқау болатын тұстарын ерекше назарға алып, мол біліммен қаруланды. Оған себеп хабарға қатысушы Одақтық министрлер мен осы салға қатысы бар лауазымды, білімпаз басшылар болатын. Тележурналистің материалдарға қанықтылығы мен ойға жүйріктілігі, оған әрдайым хабарды жүргізу кезінде көмекке келіп, қиын жерлерден жол тауып отырды. “Ритм” операциясының” бір санына Екібастұз қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Г. А. Никифоров, “Екібастұзкөмір” өндірістік бірлестігінің техникалық директоры, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Н.М. Белик, Тың темір жолы Павлодар бөлімшесінің бастығы А.С. Сарқыншақов, Ермак су электр стансасының директоры А.П. Мокшиндер қатысты. Жүргізушінің көп қырлылығы хабарға қатысушы қонақтарын бір сағат он минут бойына әңгімеге еркін араластыра, оларға сұрақты нақтылы қойып, оған дәл әрі қысқа жауап алғандығы болды.

Сексенінші жылдар теледидар экранының кез келген өмірлік маңызы зор салалардағы бағдарламалар легіне толы кезең болды. “Қоғамдық-саяси хабарлар түрі мен пішіні жағынан - әңгімелесу, дөңгелек үстел, оқиға ортасынан репортаж, фото, кино және телеочерк, тележурнал, сын хабарлар әрі телерейдтерден құрылды”. Телеэкранның барлық мүмкіндігі іске қосылып, телевизия жанрының аумағы кеңі түсті. Ал “Ритм” операциясының” өзегінде әңгімелесу де, дөңгелек үстел де, оқиға ортасынан

репортаж да, фото және кинодеректер де, телеочерк пен тележурнал әрі телесын жанрлары да өзектесе отырып, осылардың бәрі бір-бірлерін байыта әрі экранды одан әрі түрлендіре түсті.

Ғ. Шалахметов тобында өз ісінің білгір мамандары, теледидардың майталман шеберлері – үгіт және насихат редакциясының бас редакторы Е. Кулагин, өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі Г. Күзембаева, редактор С. Задуллина, бас режиссер А. Семенов, режиссер Т. Рубцова т.б. бірлесе еңбек етті. Одақ көлеміндегі жеті өнеркәсіптік аймақпен тікелей теледидар байланысын орнату, шығармашылық топтың тығыз әрі өнегелі жұмыстарының нәтижесінде жүзеге асты. Студиядағы қонақтар пікірі кезінде, зал ішіндегі экраннан әңгіме желісіне орай өндірістік процестер тізбектеле өтіп, сөйлеушілер сөзін нақтылы деректерге сүйеніп көрсетудің жаңа бір әдісі пайдаланылды. Бұл видеоның жан-жақты мүмкіндігін режиссердің көгілдір экранда білгірлікпен қолдануы еді. Теледидардың орасан зор мүмкіндігінің арқасында өзекті мәселелер төңірегіндегі пікірлер бір арнаға тоғысып, топтамалы серия хабарлар легі өмірге келді. Дарынды тұлға құпия қақпаның кілтін тауып, өндірістік тақырыптардың ішіне бойлай еніп, оны сан қырынан жарқырата көрсетті.

Республиканы ұзақ жылдар басқарған Дінмұхамед Қонаев: “- Камалды мен көптен білемін, мен сені телеэкраннан екі-үш рет көрдім. “Ритм” операциясы” деген хабарыңды көргем. Қазақ телевизиясының жағдайы жалпы жаман емес. Біз оларға қажеттің бәрін беріп жатырмыз. Біз оны қолдан келгенше нығайтып жатырмыз. Дегенмен хабарлардың сапасын жақсарту керек. ... Сол жағын қарастыр”, - дегенде, - Бұл маған оңай емес. - ... Мүмкін адамдардың қарым-қатынасын бірден біле бермейтін шығармын, бірақ мен шығармашылық-техникалық ұйымдастыру жақтарынан жинаған бар тәжірибемді жоғалтып алмай, қайта байыта түсуге ұмтыламын”, - деген мағынадағы жауап қайтарады Ғ. Шалахметов. Міне, солай етіп шебер телекомментатор еліміздің мұнайшылары мен көміршілері, энергетиктері мен темір жолшылары жайлы үздік туындылар жасап отандық теледидар қорына баға жеткісіз үлес қосты. Ел басшысының өзіне жүктеген міндетін абыройлы орындады. Ғ. Шалахметов телерадиокомитетке басшылық жасаған кезеңде Қазақстанды Одақ көлемінде ғана емес, оны әлемге танымал етті. Одақ көлемінде өндіріс саласынан хабарлар даярлап, оны экранда жүргізетін тележурналистердің Ғ. Шалахметов мектебінен үйренгендері, тәлім алғандары аз болған жоқ.

Тележурналист айналасындағы оқиғаларды өзінің қабылдауы, өмірге деген көзқарасы мен әлеуметтік позициясы тұрғысынан бағалайды. Ал оның дүниетанымы мен сындарлы көзқарасын өзі өмір сүріп отырған қоғамдық орта қалыптастырады. Шындығында, уақыт өмір сахнасына шығарып отырған әрбір құбылыспен қабыса отырып, ол жайлы көрерменге түсінікті тілмен және әсем айшықтармен жеткізе білу де - өмір талабы. Әр журналистің жасаған хабарлары терең де, жан-жақты талдауларға, жаңалықтарды, шындықты байқай, таба білу дәрежесіне көтерілуге тиіс. Автор-сценарист өмір материалдарын зерттеп, тақырыбын таңдап, деректерді жинақтап,

дәлелдерін сипаттап, қорытындыға келгенде де белгілі бір принципті басшылыққа алады. Материалдың жүйелі қиюласуы, оның шеберлігі мен өмір тәжірибесіне, өмір шындығын саралай, талдай білуі мен деректерді іріктеу әдісіне де тікелей байланысты.

Екібастұздан басталған экономикалық хабарлар циклі басқа территориялық-өнеркәсіп комплекстеріне де жетті. Қаратау-Жамбыл, Маңғышлақ комплекстері туралы хабарларда облыс басшылары Одақтық министрліктер алдына нақтылы мәселелер мен проблемаларды жайып салды. “Қаратау-Жамбыл комплексінен шикізат қорын молайтып ұлғайта беру, руданы байытып өңдеп барып, окатыш агломерат күйінде пешке салу, жалпы минералдық тыңайтқыш өндіруді барынша молайту мәселелері қозғалды. Шымкент химиясының да осыған ұқсас проблемалары сөз болды. Ал, Маңғышлақ жайлы айтқанда, сол аймақты энергиямен, тұщы сумен тұрақты да жеткілікті қамтамасыз ету жолдары қозғалып қарастырылды”, - деп жазды Қазақ ССР Телевизия және радиохабарлары жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы К. Смайылов.

Қоғамдық өндірісті дамыту, оның тиімділігін арттыру сияқты нарықтық экономиканың өзекті мәселелерін жүйелі түрде жазып, көрсету әрбір журналистің көп ойланып, терең толғанып, ұзақ ізденіп, жан-жақты шығармашылық ізденіске түсуін талап етеді. Күн сайын көгілдір экранда нақты іске бел шеше кірісіп, жаңаша ізденіс, іс-қимыл танытып жатқан рухани ізгілікті, пайым-парасаты мол тележүргізушілерді көрермен қауым көбірек іздейтін секілді. Бағдарламаларда қазіргі уақыт талабына сай икемділік, шапшаңдық танылып, фактілерді ойната беру байқалуда. Сондықтан да экономикалық тақырыптарға жазатын журналистердің ой-пікірлерінде терең талдау мен әлемдік экономика деңгейіндегі мол білімдарлық керек. Өндіріс-тегі жұмыскер мен инженер-техниктің іс-қимылына, әрекетіне бағытталған зерттеулерде психологиялық проблемаларға жан-жақты баға берілуі тиіс. Еліміздің экономикалық саладағы алға жылжуы, елдегі саяси тұрақтылық мен қоғамдағы оң дәрежедегі көңіл-күйге өз ықпалын тигізіп, ол өз кезегінде санаға жаңаша сілкініс әкеледі. Ал, телеэкран тамыршысы атанған әрі телеэкрандағы тың құбылыс ретінде бағаланған Ғ. Шалахметовтің жүргізген әрбір телехабарларынан көрермен осыны байқап, солай бағалады. Бұл - отандық теледидар тарихындағы “өндіріс тақырыбының” алтын кезені болатын. Өндіріс тақырыбын Ғ. Шалахметовке дейін де, одан кейін де ешбір жүргізуші осы биікке көтере алмады. Сыны бөлек тұлғаның парасат-пайымы мен қабілет-қарымы, білімі мен білігі оны өзі шыққан осы шыннан ешқашанда төмендетпеді.

Отандық телерадионы Одақ көлемінде шырқау биікке шығарған талант иесі тәуелсіздік тұсында бірнеше республикалар бірігіп 1992 жылы құрған Мемлекетаралық “Мир” телерадиокомпаниясының тұңғыш төрағасы қызметіне тағайындалды. Жетпіс жыл бойына Одақ болып біріккен он бес республика өз тәуелсіздігін алғаннан кейін “Орталық теледидар” өзінің үстемдігі мен атқарып келген хабар таратушылық функциясынан бас тартты. Сондықтан сегіз республиканың басшылығы ортақ “телерадионың” керек-

тігін ұғынып, оны құру туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Әрбірі өз тәуелсіздігін алған қиын тұста жаңа телекомпанияның қаржылық-экономикалық қиындығына қоса, қыруар ұйымдастырушылық жұмыстың бар салмағы тағы да іскер, дарынды Ғ. Шалахметов мойнына түсті.

Мемлекетаралық телерадиокомпанияның мақсаты мен міндеттері туралы алғашқы мәжілісте жасаған баяндамасында Ғ. Шалахметов: “Уақыт кезеңіне сай саяси фактор жүйесінен алып қарасақ, бүгінгі оқиға аса маңызды да бола қоймас, дей тұрғанмен бұл Достастық елдері кеңістігін мекен етуші халықтардың тарихи мәдениеті мен даму процесінде және Еуразияның электронды ақпарат құралдарының бірлігінде аса маңыздылыққа ие”. Төрағаның алысты болжайтын көрегенділігі осы отырыста-ақ байқалды. Оған себеп, ол өз сөзінде Байқоңыр космодромының Қазақстанда, Донбасс шахтасының Украинада, Бахш каскадты Тәжікстанда, ал Останкиноның Ресей аумағында екендігін, сондықтан бұрынғы кеңестік кезеңдегі ортақ бірліктің болмайтындығын және бұл жолдың жаңа құрылымға бағдаршам бола алмайтындығын айқындап берді. Сондықтан негізгі жолдың ортақ қыматте әрбір республиканың үлес салмағы мен ортақ қатысушылығының теңдей болуы қажет екендігінен басқа балама жолдың әзірге жоқ екендігіне бәрінің де көздерін жеткізді әрі соңғы шешім де төрағаның ұйғарымынша осылай қабылданды.

Әлемдік теледидар үлгілерінің даму бағыттарынан хабардар төраға негізінен “Интервидение” ұйымының құрылымына бағдар ұстанды. Нарықтық экономика кезеңінде бұрынғы кеңестік дәуірдегі өндіріс орындары мен кәсіпорындар арасындағы үзілген байланыстың жалғасуында “Мир” компаниясының атқарған рөлі зор болды. ТМД аумағындағы мыңдаған өндіріс орындары мен осы аумақты мекен етуші халықтар қай кезеңде де даму диалектикасына сай бір-бірімен алыс-берісті, жалғастықты үзбейтіндігі белгілі сипатқа ие бола отырып, оның болашақ даму бағыттары айқындалды.

“Мир” компаниясының бүгінгі және болашақтағы хабар тарату құрылымы мен мақсатын да Ғ. Шалахметов былайша ойластырды. Алдымен – мәдени-ақпараттық арна құру, ондағы мақсат әрбір халықтың тарихи және мәдени ерекшеліктеріне құрметпен қарай отырып, материалда кемсітушілік пен бейбастыққа орын бермеу. Ал бұдан саяси астар іздегендер оны діни және этникалық қайшылықтарға соқтырады деп есептеді. Эфирдегі телехабарлар негізінен орыс тілінде жүрсе де, аймақтық сюжеттер сол халықтың тілінде беріліп, ол субтитр арқылы орыс тіліне аударылып берілді. Солай етіп, “Мир” мультиұлттық арна түрінде пайда болды. Алғашқыда күн сайын 10 минут ақпараттар берілсе, ол жарты жылдан кейін 20 минутке дейін көбейді. Жаңа телеарна Еуровидение, Азиявидение және әлемдегі өзге де ірі транснационалдық компаниялармен жаңалықтар алмасу әрі сату мәселесін де естен шығармады.

Дегенмен хабар таратудағы негізгі блок – орта тапқа арналғанымен, ол Достастық елдеріндегі халықтардың жоғары білім деңгейін қанағаттандыру бағытындағы нарықтық экономика, мәдениет, экология және денсаулық, ғылым мен дін, музыкалық бағдарламалармен толықтырылып отырылды.

Ғ.Шалахметов өзінің төрағалығы тұсында телерадиокомпания жанынан “Көркемдік кеңес”, “Экономикалық кеңес” және “Қаржыгерлер клубын” ұйымдастырды. Алып “медиаимперияны” басқарған тұста өзі бастамашысы болып өмірге әкелген “ақылды бастар шабуылын” құрудың қажеттігін өзі былайша түсіндіреді. “- НТВ аудиторияға хабар таратудың алдында, аса қуатты “ақылды бастар шабуылын” ұйымдастырды. Олар социологтар мен психологтарға миллиондаған сомада төлем төлей отырып, олардан аудиториядағы түрлі топтардың хабар алдындағы көңіл-күйі мен қажеті турасындағы ақыл-кеңестерін есепке алды. Бұл эфирде алғашқы сәттен-ақ өз тиімділігін көрсетті”.

Мемлекетаралық “Мир” телекомпаниясы “Бірінші басшы” атты деректі телесериалдар жасауды қолға алып, осы бағытта Қырғызстан Президенті Асқар Ақаевпен және Грузия Президенті Эдуард Шеварнадзамен Одақ тарағаннан кейінгі кезеңдегі олардың ой-толғамдарымен ТМД елдерінің көрермендерін қауыштырды. Асқар Ақаевпен сұхбатты фильм авторы А.Карпов жүргізді. Ел басшысымен жүргізілген сұхбат түріндегі фильмде бүкпесіз, ашық-жарқын әңгіме өрбіп, ол ел көлеміндегі ахуал, халықтың арман-тілегі, елдің болашағы жайындағы ауқымды мәселелерге дейін үндесті.

Ғаділбек Мінәжұлы әлемдік өркениет кеңістігіндегі айтулы тұлғалармен эфирде иық теңестіре отырып, олармен ашық-жарқын сұхбат құрды. Олардың арасында сегіз жыл бойы ЮНЕСКО-ның бас директоры болған, Нобель сыйлығының иегері, испандық биолог Федерико Майор, АҚШ-тың бұрынғы президенті Джим Картер, Америка журналистикасындағы алдыңғы қаламгерлер тобындағы Пьер Сэлинджер, адамзаттың айтматовы Шыңғыс Айтматовтармен кеше мен бүгін және ертеңгі күннің ғаламдық мәселелері тілге тиек болды. Осының бәрінде де Ғаділбектің көп оқығаны мен поэзияға құмарлығы және әлемдік әдебиет пен өнер туындыларына кең таныстығы оны әрдайым қиын жерлерде тығырықтан шығарып отырды.

Тәжірибелі телепублицист Ғ. Мінәжұлы АҚШ-тың бұрынғы президенті Джим Картерге сұхбат барысында мынадай сұрақтар қойыпты. “- Сіз, өзіңіздің өмірлік, көпті көрген тәжірибеңізден ой түйіндей отырып, бүгінде әлемдегі діни бағыт жақсылықтың әлде жамандықтың қай полюсіне бет түзеуде деп ойлайсыз?”, “Солай етіп, Сіз ХХІ ғасыр ХХ ғасырдан әлдеқайда жаймашуақ болады деген пікірдесіз?”, “Құрметті президент, біз телеэкраннан жұбайыңыз Розалин Картер ханым екеуіңіздің Солтүстік және Оңтүстік Корея шекарасынан өтіп бара жатқаныңызды көрдік. Сол мезетте Сіз қандай сезімде болдыңыз, өзіңіз қорқынышты сезінген жоксыз ба?”, “Сіз дінге сенетін адам ретінде, осы әрекетіңізде Аллаға сендіңіз бе, әлде мұны өзіңіздің адамгершілік еркінізбен атқардыңыз ба?”, “Ким Ир Сен – соңғы коммунистік диктаторлардың, билеушілердің бірі. Сізге ол кісімен кездесу сәтінде Солтүстік және Оңтүстік Корея басшылығының кездесулеріне қол жеткізе алдыңыз ба? Ол қайтыс болғанда, Сіз адам ретінде оған аяушылық білдірдіңіз бе?”, “Сіз өз өміріңізде көптеген игі бастамаларға мұрындық болдыңыз. Соның бір айғағы біздің “Мир” компаниясы. Өзіңіз біздің

Компанияға қандай тілек білдіресіз?”. Осы мәндес қысқа әрі нақты, айқын әрі ойда жүрген сұрақтар өмір ағынын біліп, оны қалт жібермей әрі тез орындайтын адамдарға ғана тән. Осының бәрі де тумысында жаңалыққа жаны құмар, білімпаз, телеөнердің шын жанашыры әрі Одаққа белгілі тұлғаларының бірі әрі бірегейі – Ғаділбек Шалахметовтің әлемдік өркениеттің көшіне қосылу жолындағы ауқымды істерінің бір бөлшегі ғана.

Бақылау сұрақтары

1. Ғ. Шалахметовтың ұйымдастырушылық қабілеті мен қарымы.
2. “Ритм” операциясы” хабарының жасалу әдістері мен жолдары.
3. Ғ. Шалахметов төраға болған кезінде қандай елдермен телекөпірлер ұйымдастырылды?
4. “МИР” телекомпаниясындағы Ғ. Шалахметовтың іскерлік әрекеттері.
5. Ғ. Шалахметовтың “Азаматтық формуласы”.

ЖҮРЕКТЕН ҚОЗҒАЙЫҚ

Өмір атты ұлы көштің өн бойында өмірінің соңында өрнекті із қалдыратын, қайталанбас тұлға да, артында із қалмайтын жан да қатар келіп жатады. Алдыңғылары - өмір ағымының өн бойында ағысқа қарсы жүзіп, ұлты үшін елеулі істер тындырады. Бірақ, мен сондаймын деп тіршілігінде кеуде қаппайды, пендешілік ұсак-түйекке де бармайды. Атақ та сұрамайды, бер деп алақан жаймайды. Алайда, көзі тірісінде-ақ оларды атақ та, данк та өздері іздеп табады. Өмірде осындай тұлғалардың бірі – танымал сыншы, телеөндірісті іскер ұйымдастырушы, болмысынан философ, тәлімді қаламгер ретінде ел таныған тау тұлға - Сағат Әшімбаев.

Сағаттың мінезі мен мүсіні, мазмұны мен пішіні, болмысы мен бітімі төрт аяғын тең басқан күйінде, қолынан қаламы түскенше, тал бойынан бір рет те ажырамады. Айтса жеріне жеткізе, жаңынды жадыратып, жазса түбірін қазып, айызыңды қандыратын әдетінше оқырманын ізінен ерте жүретін. Қай саладан қалам тербемесін, бәрінде де Сағат тым әріден бастап, ұлы Абайды айналсоқтап, өзіне пайғамбардай санаған алыптың ойшыл өлеңдері мен зерленіп тоқылған қара сөздерінен мысалдар келтіріп барып, тыңдаушысын тоқтатар түйінді ойымен дамылдайтын. Ондайда Сағаттың қай саланы да философиялық ойдың кемел толымдылығымен ернеуін толтыра айтқан уәжді пікіріне “ләббай” деп тоқтайтынсың!

Публицист досы, қарымды қаламгер Серік Әбдірайымов айтқандай, “... Ол дүниеден өтті, бірақ оған деген халқының сағынышы сабасына түскен жоқ, қайта қыршын ғұмырмен жақынырақ таныспак жастардың қатары жыл өткен сайын көбейіп келеді. Мұның өзі Сағаттың кім екендігін аңғартса керек”, - деген жүрекжарды лебізі, қимас ініге, жақын досқа деген шын көңілдің толқынысынан туған сағыныш сезімі. Сағат университетте оқып жүрген шағында-ақ белгілі сыншы Мұхаметжан Қаратевтың назарына ерте ілініп, кейін өсе келе өзі де осы жанрдың төбе биіне айналды. Небәрі жиырманың үстінде бола тұра, оны мен солын ерте айқындаған Сағат жайлы академик М.Қаратаев: “... айтулы әдебиет сыншысы, сарапшысы, әділетсіздікке төзбейтін сарбаз атанды. Сағаттың “Сыншы мұраты” атты тұңғыш жинағы – осының айғағы”, - деп, ақ батасын берген-ді. Міне, содан басталған әдебиеттің проза мен поэзия саласының биіктігі мен ойпаңы, асылы мен жасығы Сағаттың “сын саласына” ілініп жүре берді.

Халқымызда “қаттырақ айтсаң, қарындастың көңілі қалады” деген қанатты сөз бар. Сағат айтпайын десе оқырманын ойсыз, тұщымсыз жырларымен жарылқап, мазмұны татымсыз, идеясы таяз прозаларымен алдаусыратып жатқандармен аяусыз күрес майданына қойды да кетті. Қай кезде сын кімге ұнаған дейсің! Сағаттың сынаймын деп достарының көпшілігінен айрылып қала жаздаған сәттері болмады десек қателесеміз. Бірақ қай істе де жаны жайсаң, ойы орнықты, пікірі дәлелді болғаннан кейін Сағаттың сыны олардың өз-өздеріне басқаша көзбен қарап, өз кемшіліктерін түзеулеріне жол ашты.

Сағаттың әдебиеттегі сыншылдығын көзі тірісінде бәрі де бағалады. Оған себеп, өзі сын жанрында қалам тербей отырып, туған әдебиетіндегі кейіпкер бейнесінен әлемдік масштабта ойлайтын, ойшыл тұлғаларды іздеді. Кейіпкердің ойлау мен таным көкжиегінен бір-біріне іштей үндестік іздеді. Соны тапса балаша қуанды, іздегенін таба алмаса көңілі босап, қабағы қарс жабылды. Әсіресе ұлы Абай мен абыз Мұхтардың, данагөй Ғабеннің шығармаларына көзсіз бас иді. "...Ұлттық сана-сезім оянуының басы Абай", - десе, "... Әуезов өз ұстазын қайталмағандықтан ғана ұлы және Әуезов Шығыстың Шолоховы еместігін, Шығыстың ұлы екендігін дәлелдеп берді, соның өзі жарқ еткен жарқын көрініс бола білді", - деп түйін жасайды. Ал Ғабеннің "... болмыстағы негізгі жеті бояудан жетпіс бояу жасаған" түпсіз шеберлігіне тәнті болғанын жасыра алмайды. Осыдан болар-ау өзі де шығармаларды талдап-толғағанда жетпіс бояудан әлденеше жүздеген бояу түрлерін көз алдына келтіреді.

Өнер атаулының құпиялы қалтарыстары мен аршылмаған қабаттары әлі де жетерлік. Қолына қалам ұстаған пенде оны өзінің қабілет-қарымы жеткен жерге дейін аршиды. Қанша қазсаң да терең тұңғиық, бір қабаттан бір қабат әлдеқайда күрделі, жеткізбейді. Әсіресе, сын саласындағы ойлар тізбегін сыншылдық пен ақиқатқа құру үшін пендеге білімдарлық аз, оған қоса кемелділік пен парасаттылық, тереңдік пен ойшылдық та қатар қонақтауы шарт.

Шығарма жайлы кемелді ой, кесімді пікір айту үшін де философия мен эстетика, тарих пен өнер, психология мен көркем әдебиет жайлы таным-түсінігің молынан болуы шарт. Осының бәрі де Сағаттың бір басынан табылатын. "Сын мұраты" (1974 ж.), "Талантқа тағзым" (1982 ж.), "Парасатқа құштарлық" (1985 ж.), "Шындыққа сүйіспеншілік" (1993 ж.), "Ақиқатқа іңкәрлік" (1999 ж.) атты қаламынан туған шығармаларында туған әдебиетіндегі өзі пір тұтқан акын-жазушылар жайлы эстетикалық-тәрбиелік, философиялық-ғибраттық кесек ойлары мен сыншыл дүниетанымы қалды. Жұмыр басты пенденің бір басына осыншалықты телегей-теңіз тереңдік пен мол білімді жинақтауға да ақылдың кені, парасаттың пайымдылығы керек қой дейсің!?

Сағат "өмір мұраты" жолында өзіне баспалдақ етіп ұстанған шығарманың мазмұны мен оның тақырыбын әр кез алдыңғы орынға қоя отырып, әрбір жолдардан ой іздейді. Қойылып отырған мәселенің мәнісіне терең барлау жасайды. Повесть не роман әлде жыр кітабы болсын ондағы айтпақ ойдан сарабал сыншы іштей композициялық тұтастық, сырттай жарасты болмыс-бітім іздейді. "Әрбір жана уақыттағы әрбір жаңа ұрпақ тарихтағы ұлы құбылыстар мен ұлы адамдар туралы өз сөзін айтуға тиіс. Сонымен бірге бұл олардың адамгершілік парызы да", - деп бір кезде В.Г. Белинский айтқан екен дейді де, одан әрі сыншы өзінің ой қабаттарының қатпарлы бұлқыныстарынан шыққан пікірлерін сенің алдына риясыз көңілмен жайып салады. "Өткенді ойлау өткенмен ойнаудан сақтандырады. Анықтап айтқанда, кешегіні ойлау – кемел келешекті ойлау деп білеміз. Бүгінгі жақсылық та, жамандық та көктен түскен жоқ. Бәрі өткеннің жемісі, кешегінің салдары", -

дейді. Осындай атан түйенің жүгін арқалаған отты сөздерді “отызында орда бұзған” шағында кемелді әрі парасатты Сағат айтты. Кеңестік кезеңнің қайқы қылышынан қорықпады, қызыл патшаның қаһарынан ықпады. Егер тал бойына “ойсыздық” ауылы қонақтаған болса, осыншалық келбеті келіскен, ойлары от тұтататын, жан алқабын түгел күйдіретін қанатты сөздерді айтар ма еді!

Сағат тумысынан – ойшыл. “Әдебиет – адамның жан саулығын сақтайтын рухани байлықтың түп төркіні, адамшылықтың мөлдір бастауы екенін жетер жеріне насихаттай алмау, әрине, сынның да сырқатты тұсы”, - деп жазуға да оқығаның көп, тоқығаның мол болуы керек. Мұның астарында адамда ой тоқыраса, қоғамда өсу де, алға жылжу да тоқырайды деген оймен астасып жатқанын байқау қиын емес. Осыдан келіп тоғышарлықтан туындайтын жаман әдеттерден болашақ ұрпақты сақтандырады, қоғамды ойлылыққа итермелейді. Ұлттың ұлылық рухы да адамның жан-дүние әлемінен бастау алатындығына сені үйілтеді.

Енді бірде “Сөз мәнісін білмесең, өлең оқып не керек!”, - деп Сұлтанмахмұт өлеңін эпиграф етіп алады да, қиюын тауып қиылысқан, ұғынықты етіп қиыстырған ақындар поэзиясының қалың ну орманына кіреді де кетеді. Тасырға жетпеген сөздің, сан ғасырға жететіндігін жас кезінен тоқып өскен сыршыл Сағат жүрек көзін ашатын, ондағы сезімді қытықтап оятатын, адамдағы аяулы сезімге шок тастайтын, ой қозғайтын ойлардың арасынан ең бір тереңде жатқан тұстарын жарық күндерде қолына шырақ алып іздейді. Іздейді де, осының бәрін данышпан Абайдың поэзиясынан тауып, содан жаны жай табады. Қазағына Абайдай ұлы кемеңгерді берген Жаратқанға алғысын жаудырады.

Қамал бұзатын шағында С. Әшімбаев “синкретті өнер” немесе “тоғызыншы муза” атанған телевизияға ат басын тіреді. Әдебиет әлеміндегі ойшылдығы мен сындағы тереңдігі Сағатты алып “телеимперияның” кең алқапты, ауқымды майданына алып келді. Газет пен журналда істеп, жазуға төселген, сыни әрі кемелді ой айтуға әбден кемелденген шағында “сөз бен көріністің” астасқан тұсынан жалын шашып жататын теледидарға келгенге дейін де осы ауылдың “отынын түтетіл” жүрген бозбала болатын. Алпысыншы жылдардың орта шенінде-ақ жақсыға қуана, жаманға жирене қарайтын сезімтал Сағат “Жүректен қозғайық” деп ат қойып, айдар таққан телехабарында жастар бойындағы өсу эволюциясы, олардың азаматтық болмысы, түрі мен тұрпатына объективтік тұрғыдан келіп, қалың көрермен жүрегіне көрнекті ой тастағаны тағы бар. “Өмірге деген ғашықтықты” жастардың бойынан іздейді, олардың ақыл-пайымына өз үнін қосады, қоғамның болашағын өз қолымен жасайтындарды ертеңге елітеді, кемел болашаққа барлау жасатады. Хабар барысындағы әңгіменің арасында ежелгі бір Шығыс аңызының соңында “өсек айтқанның жолын кес, сын айтқанның, шын айтқанның қолын шеш” деген ұлағатты сөз бар екен деп түйін түйіп, ортаға ойдан тамызық тастап отырады. Кейіпкерлерін терең ойландыратын, көңіл түкпіріне көп нәрсені түйіндіретін жайларға жол ашады.

Кезінде “Жүректен қозғайық” телеэкрандағы көптеген хабарлардың ортақ өзегіне қозғау салған және баспасөз бен радионың материалдарына түрткі болғандығында дау жоқ. Сағат телехабарға қатысушыларға өз ойлары мен пікір-тұжырымдарын ортақ мүдде тұрғысынан еркін айтуға кеңшілік жасады. Әңгіменің әлқиссасын да қоғамға ортақ полемикадан бастап отырды. “Жастар бойынан қандай қасиеттерді іздейміз?”, “Өмір бар, қоғам бар, жастарда қозғалыс, санада сілкініс неге жоқ?” дегендей пікірталастың талай хабарлар өзегіне алтын арқау болғаны ақиқат шындық. Ортақ өмір әлеміндегі күйініш пен сүйініш, қайғы мен қасірет, жақсы мен жаман, ащы мен тұщы дейсің бе бәрі-бәрі Сағат жүргізген телехабарлар топтамасының алтын арқауы. Кенестік шактың оты өртеп, жалыны күйдіріп тұрған кезеннің өзінде де жастар бойына “мақтамен бауыздағандай” етіп ой сәулесін байқатпай әкеліп, себеледі.

Алпысыншы жылдардың орта тұсында Мәскеуден шыққан әлем ақыл-ой алыптарының даналық сөздерінің мәйегінен өзі құрастырған “Афоризмы” Сағаттың аудармашылық қырларының да осал еместігін танытты. Өзі де кез келген ортада теңеу не салыстыру іздеген кездерінде ұлы тұлғалардың “қанатты сөздерін” келісімді келбеті, орнын тауып шынайы жарасымдылығымен әдемі қиюластыратын. Әсіресе Батыс пен Шығыстың ойшылдарын көп оқып-тоқығаны әрбір сөзінен байқалып тұратын. Мойыннан жоғарырақ жайғасқан құдай берген шақшадай бастын осыншалық мол дүниені көтеріп, жүректің қазанында қорытылып, қайнауы піскендерінің молдығына көпшілік таңдай қағатын. Эфир кезінде Сағат оқшау ойдан адаланып, бүкіл бітім-тұлғасы бүтінделіп, ерекше бір тұтастыққа айналып кететін. Бет әлпетінде шындық табы, жүзінде жылылық пердесі ойнап тұратын. Жанары алаулап, көздерінің сыршыл тұңғиығынан ерекше бір сәуле шұғыла шашатын.

Сексенінші жылдардың бас шағында С. Әшімбаев дарынды телекомментатор Ғаділбек Шалахметовке орынбасар болып келді. Орыс тіліне жүйрік Ғадекен өзіне қосшылыққа ана тілінің кәусарынан қанып ішкен, әрі сыршыл әрі сыншыл Сағатты бекер таңдамады. Камал Сейітжанұлы жазғандай “... Талай тамаша циклдар туды. Оны кейін орыс тілінде сөйлейтін шала қазақ деп сынағандар болды. Ал, шынында, ол қазақша жазбаса да жақсы сөйлейді, ең бастысы – жаны мен ниеті қазақи. Оның Мұқағали өлеңдерін орысшаға аударып жүргені де осыдан”, - деп жазғанындай, Сағаттың ұлттық аудиторияға таптырмайтын тұлға екенін сонау алпысыншы жылдардағы телехабары “Жүректен қозғайықтан” бергі аралықтағы өсу жолдарына қанық әрі оған ғашық болғандықтан да шақырды десек артық айтқандық бола қоймас.

Тіршілігінде қоғамдық ойға қозғау салатын тұлғалардың керек екендігі көзі қарақты зиялылар санасына сексенінші жылдың “жылымықтарымен” қоса келіп, “масс-медианың” қуатты отты қаруын жүрегінде алаулаған оты бар, Сағат секілділердің ұстағандары жөн деп тапты. Мұны ақынжанды Ғаділбек дәл кезінде ұғынып, оңды шешім қабылдады. Қазақ руханиятының “қауырсын қанатының” қатаюына ақылымен де, білім-білігімен де өлшеусіз үлес

косып жүрген Сағат енді аудиториясы әлденеше миллиондап саналатын алып “телеөндірістің” қуатты тетігін қолына ұстады. Оның үстіне тумысында кішіпейіл, кандай ортаға болса да сыйлы Сағат аңкылдаған акпейіл көңілінің дархандығымен ортаға тез-ақ сіңісті. Әрі сонау алпысыншы жылдардан журналистік ортаға таныс С. Әшімбаев телерадио саласына оңай еніп, оның күнделікті қым-қуыт тіршілігіне қайықты ескегін салды да жіберді.

Ғұмырында шашасына шаң жұқтырмай өткен Сағат телеөнер әлеміне келе сала телебағдарламалардың мазмұны мен идеясына айрықша көңіл бөлді. Әсіресе, әдебиет пен мәдениет, тіл мен діл, тәрбие мен тәлім, адамгершілік пен туған жерге деген сезім, сыйлыстық пен сырластық жайлы хабарлар тасқынын молайтуға күш-жігерін айрықша жұмсады. Телехабарлар мазмұнының өзге соған ұқсас құбылыстармен, тарихи фактілермен салыстыра қарауын, сценарий авторы мен жүргізушінің талдау кезінде аудиторияға белгілі материалдар аумағынан шыға отырып, тұжырым-түйін жасағанда тың пікірлер тоғысына табан тіреу керектігін ерекше қадағалады. Хабарда көтерген проблема, қамтылған тақырып, айтар ой-пікір, талдау ерекшелігі, өзіндік қорытынды, стильдік өрнектер, тың тұжырымдар дейсің бе, әдебиеттегідей осының бәрін де көрермен алдына ұсыну қажеттігін үнемі нықтап айтатын.

Сексенінші жылдар Қазақ теледидарының өсіп, кемелденіп, толығы түскен шағы болса да, эфирден күнделікті толассыз кетіп жатқан хабарлар легіндегі “арпа ішінде бір бидайдың” жүріп жатуы заңдылық болып саналушы еді. Осының өзі Сағаттың сын қырына ілініп, ол апта сайын үзіліссіз өтетін “лезделерде” көп хабарларға тән ортақ кемшілік ретінде талдау мен пікір айтудағы тұжырымдамалық, жаңашыл пікірдің тым аздығы, бір хабарды философиялық, эстетикалық тұрғыдан жинақтаудың жете бермейтіндігін дәлелдеп, телеавторлардан үздіксіз ізденісті талап ететін. Орталық теледидар не өзге республикалардағы осы тектес телехабар үлгілерімен салыстыра келіп, теориялық тереңдік пен эстетикалық аналогияның аз да болса ұшқынын байқату – аудиторияны сыйлау, әрі өзіндік көпшілікке сыйлату дейтін. Тақырыптағы идеялық шешімнің ортақтығы мен сипаттау ұқсастығы жайлы көп айтатын.

Лездеме кезінде Қазақ теледидарынан өткен жаңа бір телебағдарламалар жайлы баспасөз беттерінде дер кезінде материал жарық көрмесе Сағат мұны жаңсақтыққа балап жататын да, өзі Ю. Казаковтың “Солтүстік жазбалары” деген шығармасында “Самое странное мучение тогда, когда про тебя царствует странное молчание” деген тіркесін мысалға алатын. Телеэкранға шыққан туындының бәріне газет-журнал біткен жамыраса жазып, кемшілігін қолмен ұстатқандай, ал табысын жіліктеп санап жазатындар тым аз. Оған себеп, “телеэкран” кез келгенге қойнын аша бермейтін құпиялы әлем. Оның сырларының сан бояулығы өз алдына, ал даму процесінің қарқыны экраннан сағат санап тоқтаусыз өтіп жатады. Ал Сағат болса экранға шыққан жаңа туындының өн бойында талдауымыз бен ой толғауымыз қалай, өзгелердің осыған деген түйін-тұжырымы нендей деген мәселені білгенше асық.

Сағаттың жастайынан әлем әдебиетімен көп таныстығынан ба, ол тележурналистерден үнемі ерекше бір тосын оқиға, тың жаңалық күтетін. Бірде өзім

телевизияның “Алматы және алматылықтар” бас редакциясында қызмет атқарып жүріп, Алтай өлкесіндегі қандас бауырларымыздың араларында “шокынған казактар” бар екендігін айтқан болатынмын. Осыны естіген Сағат “е, бұл баяғы Қытайға өтеміз деп елден үдере көшкен көштің біразы шекарадан ары өте алмай, амалсыздан кері қайтқан кезінде оларды орыс поптары шоқындырып өз діндеріне кіргізген Таулы Алтай өлкесіндегі бауырларымыз екен ғой! Олай болса, уақыт оздырмай жолға шығатын топты даярлай бер. Менен рұқсат алдым деп есепте. Қанша мерзім керек. – Жол алыс, сапар қиын. Егер мүмкіндік туып жатса Баян-Өлгей аймағын да аралап қайтсақ. Жиырма күн жетер”, – дедім.

Содан талантты режиссер Артур Алипов екеуіміз операторды алып Таулы Алтай өлкесіне жол тарттық. Жүретін көлігімізді Семейден алдыртқан дұрыс деп шештік. Бұл 90-ншы жылдардың басы болатын. Техника да, көлік те өзімізде болса, көп қиындық туа қоймас деген ой болатын. Сапар кезінде жанымызда казактар көп шоғырланған Қосағаш ауданының бір азаматы Алматыдан бізбен бірге ере жүрді. Таулы Алтайдан облыстық теледидардың қызметкері жолбастаушылыққа келісімін берді. Алтай өлкесі табиғаты тамаша, орман-тоғайға бай, аса сұлу жер екен. Асау, адуынды Катун (Қатын) өзені бойлай созылған жол Қосағашқа дейін мың шақырымдай. Оған қоса жол-жөнекей казактар орналасқан ауылдарды аралауды әрі жергілікті алтай халықтарының да тұрмыс-тіршілігімен танысуды жөн көрдік. “Шокынған бауырларымыз” тұрған жер табиғаттың тамылжыған, жан-жағы сыңсыған орман-тоғайға бай екен. Аттары қазақша болғанымен, тегі түгелдей орысша. Қазаки әдет-ғұрып жағы аздау. Құран оқитын қариялары сол кездің өзінде бірлі-жарым, ал жастарының көпшілігі орыс тілінде сөйлеседі. Бір таңтамаша қалғанымыз осы алақандай ауылдан Ұлы Отан соғысы кезінде, ұлты казак, тектері орысша екі бірдей “Кенестер Одағының Батыры” шығыпты. Осы жолсапардан “Алтай сапары” деген атпен бауырластарымыз және алтайлықтар өмірінің дәстүрі мен салты, тұрмысы мен тіршілігі, арманы мен аңсары жайлы алты сериал телехабар жасап, эфирден көрсеттік. Сағаттың сонда “бұл да бір көптен бері ойда жүрген іс еді. Көпшіліктің елден жырықта жүрген қандастарының өмірі мен тіршілігін көргендері дұрыс болды”, – деп, көңілі жайланғаны әлі есімде.

Сағаттың алдына жұмыс бабы, тіршілік түйткілдерімен кім келмейді дейсіз? Бірде, сені Сағат шақырып жатыр дегенге кабинетіне барсам, сол жерде жасы жетпістерді қусырып қалған, өңі қуарыңқы, бет-әлпеті жүдеу ақсақал отыр екен. – Құдайберген, сен қариялар үйі, жетім балалар туралы да хабарлар жасап жүрсін ғой. Мына ақсақалды тыңдап, қажет деп тапсаң осы кісінің басына тағдыр салған қиындық туралы хабар жасарсың”, – деп, әлгі қарияны маған табыстағаны бар. Мұндай жағдайлар Сағат ағамен қатар істеген жылдарда көп болды. Бүгінде сол өткен күндерге ой салсаң, соның бәрі де Сағаттың “өмірдің кемшілігіне төзбейтін” қайсарлығы мен пақырларға қол ұшын созсам деген азаматтық парызы екен ғой.

Сағат Әшімбаев ұлтын ерекше сүйген және ұлтымен өмір бойы мақтанып өткен – тұлға. Ол тіршілігінде И. Эренбургтың “Пабло Пикассо шығарма-